

Жарма ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күші жойғал

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2015 жылғы 14 шілдедегі № 29/250-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 тамызда № 4105 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2015 жылғы 16 қазандағы № 32/273-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 16.10.2015 № 32/273-V шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 387 бабының 1-1 тармағына, 444 бабының 1 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Жарма аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Жарма ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге Салық кодексінің 378 бабында белгіленген жер салығының мөлшерлемесі он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*К. Сқақов
Н. Есполов*